

БҰЙРЫҚ

30.04.2024 ж.
Жаңаұйым ауылы

ПРИКАЗ

№ 72

**2023-2024 оқу жылын аяқтау және білім
алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы.**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес және аудандық білім бөлімінің 11.10.2023жылғы № 262-п бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) Мектепте оқу сабақтарының аяқталуы 2024 жылғы 25-мамыр

2) 9-сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

3) 11-сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2024жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

2. 9-сынып оқушылары қорытынды аттестаттау мына мерзімдерде өткізілсін:

1) Қазақ тілі/ орыс тілі және өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)-2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) 2024 жылғы 10 маусым;

11 сынып оқушылары үшін:

1)Қазақ тілі/ орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2024 жылғы 28 мамыр;

2)алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2024 жылғы 4 маусым;

4)орыс/өзбек тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) 2024 жылғы 11 маусым;

3. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптары 2023-2024 оқу жылын аяқтау үшін басшылыққа алынсын.

4. Түркістан облысының білім басқармасы дайындаған материалдарды орта білім беру ұйымдарының 9,11 сыныптарының білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын Төлеби аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 25 мамырға дейін мектепке жеткізу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ж.Маумовқа жүктелінсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



И.М.Толегенов